

**З. Р. КАРБЕТОВА¹, Ш. Р. КАРБЕТОВА²,
А. Ш. НУРГАЛИЕВА¹, И. В. ЯРДЯКОВА¹**

¹Казахский университет технологии и бизнеса (г.Нур-Султан)

²Казахская Академия труда и социальных отношений (г.Алматы)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ӨМІР СҰРУ ДЕҢГЕЙІН КӨТЕРУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

Мақалада ҚР тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттырудың стратегиялық тәсілдері қаралды, тұрғындардың өмір сүру деңгейін арттыруды басқару тетіктері зерттелді. Тұрғындардың өмір сүру деңгейін бағалаудың халықаралық тәжірибесін зерттеуге басты назар аударылды. Жұмыста 2016-2018 жылдар бойынша еңбек нарығының басты индикаторлары талданды, осы арқылы халық санына шаққандағы жұмыс күшінің үлесі, жұмыспен қамтылу деңгейі, жұмыссыз тұрғындар саны, жұмыссыздық пен жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі көрсетілді, еңбекпен қамтылмау себебінен болатын жұмыссыздыққа талдау жүргізілді. Жұмыссыздық бойынша зерттеулер жұмыс табу мүмкіндігінің жоқтығы, өз еркімен жұмыстан шығу, ұйымның жойылуымен байланысты жұмыстан шығу соңғы жылдардағы жұмыссыздыққа себеп болғандығын көрсетті. Тұрғындардың ақшалай табысын, оның көлемін, құрылымы мен бөлініс көрсеткіштерін зерттеу арқылы қала мен ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейлерінде айтарлықтай айырмашылықтар бар екендігі, қала тұрғындарының ақшалай табысы ауыл тұрғындарының табысынан артық, қаладағы үй шаруашылығының көлемі ауылдық жердегіден аз екендігі дәлелденді. Белгілі Numbeo қоры ҚР-дағы өмір сүру деңгейін ортадан төмен ретінде бағалаған, ал әлемдік рейтинглерге сәйкес Қазақстан адами даму деңгейі (АДИ) жоғары елдердің қатарына кіреді. Зерттеудің соңында ҚР тұрғындарының өмір сүру деңгейін реттеу мен басқару жүйесін жетілдіру және тұрғындардың өмір сүру деңгейін арттыру жолдарын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірленді.

Түйін сөздер: өмір сүру деңгейі, зерттеу, арттыру, талдау, қала мен ауыл тұрғындары, ақшалай табыс, жұмыссыздық, еңбекпен қамту.

В статье рассмотрены стратегические подходы к повышению уровня жизни населения в РК, исследованы основные инструменты механизма управления повышением уровня жизни населения. Особое внимание уделено исследованию международного опыта оценки уровня жизни населения. В работе представлен анализ основных индикаторов рынка труда за 2016-2018г.г., которые показывают долю рабочей силы в численности населения, уровень занятости, численность безработного населения, уровень безработицы и молодежной безработицы. Также проведен анализ безработных по причинам незанятости. Исследования по безработице показывают, что в последние годы основными причинами незанятости являются: невозможность найти работу, увольнение по собственному желанию и увольнение в связи с ликвидацией организации. Исследование денежных доходов населения, их размера, структуры и показателей дифференциации их распределения подтверждают, что имеются существенные различия в уровнях жизни населения городской и сельской местности, денежные доходы городского населения превышают доходы сельского населения, средний размер домашнего хозяйства в городе меньше, чем в сельской местности. Знаменитый ресурс Numbeo оценил уровень жизни в РК ниже среднего, а согласно мировым рейтингам, Казахстан относится к числу стран с высоким уровнем человеческого развития (ИЧР). По завершению исследования разработаны рекомендации по совершенствованию системы регулирования и управления уровнем жизни населения и формированию путей повышения уровня жизни населения РК.

Ключевые слова: уровень жизни, исследование, повышение, анализ, сельское и городское население, денежный доход, безработица, занятость.

The article discusses strategic approaches to improving the living standards of the population in the Republic of Kazakhstan, explores the main tools of the mechanism for managing the improvement of living standards. Particular attention is paid to the study of international experience in assessing the standard of living of the population. The paper presents an analysis of the main indicators of the labor market for 2016-2018, which show the share of labor in the population, employment, unemployment and particularly youth unemployment. Also, an analysis of the unemployed for reasons of unemployment. Unemployment studies show that in recent years the main reason for unemployment were the following: difficulty to find work, dismissal of your own free will and dismissal in connection with the liquidation of the organization. A study of the population's cash incomes, their size, structure and differentiation indicators of their distribution confirms that there are significant differences in the living standards of the urban and rural population, the urban population's cash income exceeds the rural population's income, the average household size in the city is less than in rural areas. The famous Numbeo resource rated the standard of living in the Republic of Kazakhstan below average, and according to world ratings, Kazakhstan is one of the countries with a high level of human development (HDI). Upon completion of the study, recommendations were developed to improve the system of regulation and management of the standard of living of the population and the formation of ways to improve the standard of living of the population of Kazakhstan.

Key words: *standard of living, research, increase, analysis, rural and urban population, cash income, unemployment, employment*

Тұрғындардың өмір сүру деңгейіне қатысты сұрақтар Қазақстандағы барынша өзекті мәселелер қатарында болып отыр. Адамның ұзақ, салауатты және материалдық жақтан ауқатты өмір сүруі үшін жағымды жағдайлар орнатуды кез келген мемлекет өз дамуының басты мақсаты ретінде таниды. Экономиканың тұрақты дамуы, өңірлер деңгейіндегі әлеуметтік үдерістердің динамикасы, халықтың өмір сүру деңгейін мемлекеттік тұрғыдан реттеу жағдайында тұрғындардың барлық тобының өмір сүру деңгейі факторларын құрайтын құрамдас бөліктерді басқару мәселелері қазіргі уақытта әлі де терең зерттелмей келеді. Тұрғындардың өмір сүру деңгейі – халықтың жалпы әл-ауқатын сипаттайтын интегралдық көрсеткіш.

Халықтың өмір сүру деңгейін басқарудың теориясы мен практикасын барынша терең зерттеудің қажеттігі, сондай-ақ бұл мәселенің күрделілігі зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайды. Қазақстан тұрғындарының өмір сүру деңгейі мен сапасын басқару мәселесінің маңыздылығы бүкіл қоғамдық жүйе және оның жекелеген бөліктеріндегі түбегейлі өзгерістермен айқындалатын объективті және субъективті себептермен байланысты болып отыр.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан тұрғындарының өмір сүру деңгейін тадау және бағалау, өмір сүру деңгейін құрайтын құрамдас бөліктерге кешенді баға беру және өмір сүру деңгейін көтеру бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу. Тұрғындардың барлығына арналған өмір сүрудің алдыңғы қатарлы әлеуметтік-экономикалық стандарттарының құру – Қазақстан дамуының жаңа кезеңіндегі басты міндеттердің бірі. Соңғы жылдардағы жедел экономикалық өркендеу Қазақстанға дамудың жаңа дәрежесіне көтерілуге мүмкіндік берді. Дегенмен бұдан арғы прогресс экономикалық тетіктердің тиімділігіне ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік экономиканың дамуына да байланысты болмақ.

Тұрғындардың өмір сүру деңгейіндегі өзгерістер туралы, әсіресе, қоғамдық және әлеуметтік қатынастарда шұғыл өзгерістер жүріп жатқан кезде республика бойынша

да, өңірлер бойынша да, толық және шынайы ақпарат алудың қажеттігі еш күмән тудырмаса керек. Әлеуметтік қорғаудың дәстүрлі формалары әрекетін тоқтатқан кезде өмір сүру жағдайының сөзсіз нашарлайтыны, халықтың табыс деңгейі бойынша жіктелуі артатындығы байқалады.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына тұрғындардың өмір сүру деңгейіне диагностика жүргізуге, халықтың осы санатын құрайтын тұрғындардың даму үрдісін анықтау және мәселені шешу үшін экономикалық тұрғыдан негізделген ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік беретін салмақты зерттеулер жүргізу қажеттігі туындап отыр. Осы ретте табиғи, әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және басқа да алуан түрлі жағдайды есепке ала отырып, өмір сүру деңгейін реттеуге өңірлер деңгейінде және жалпы түрде талдау және бағалау жүргізу өзекті болып саналады.

Өмір сүру деңгейі көрсеткіштері бойынша нәтижелерді талдау халықтың өмір сүру сапасының қазіргі жағдайын анықтауға және оны басқарудың негізгі жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді. Қазақстандағы, оның өңірлеріндегі еңбекпен қамту мен жұмыссыздықты тұрақты және ауқымды түрде реттеу экономикалық, әлеуметтік және қоғамдық-саяси саладағы көптеген үрдісті анықтайды, жұмыс күшінің ұтқырлығына және жұмыссыздық көрсеткіштерінің динамикасына әсер етеді

Біз соңғы 3 жылдағы (2016-2018) еңбек нарығындағы басты индикаторларға талдау жүргіздік. Бұл көрсеткіштер тұрғындар санына шаққандағы жұмыс күшінің үлесі пайыздық түрде өсіп, 2018 жылы 70.08% құрағанын; еңбекпен қамту деңгейі (жұмыс күшіне шаққанда, пайызбен) айтарлықтай өспегенін (95.02%-дан 95,15%-ға дейін); ал жұмыссыз тұрғындар жыл сайын азайып отырғанын (445,1 мың адамнан 440,6 мыңға дейін); жұмыссыздық деңгейі пайызбен 2018 жылы 4,85%, ал жастар (15-24 жас) арасындағы жұмыссыздық 3,75% құрағанын көрсетті [1, 2, 3, 4].

Осымен қатар 2016-2018 жылдар аралығында еңбекпен қамтылмау салдарынан болған жұмыссыздыққа талдау жүргізілді. Бұл мәліметтер бойынша жұмыссыздықтың жалпы көлемінде әйелдердің үлесі үлкен (54-55%), жұмыссыздық қала тұрғындары арасында көп (58-59%), оның ішінде қалалық та, ауылдық та жерде жұмыссыз әйелдер көп (53-55%) [1, 2, 3, 4].

Жылдар бойынша жұмыссыздардың еңбекпен қамтылмау себептері анықталды:

2016 жыл – өз еркімен жұмыстан шыққандардың үлес салмағы көп – 24,9%, жұмыс табу мүмкіндігі жоқтар – 20,7%, ұйымның жойылуы, штаттың қысқаруымен байланысты жұмыстан шыққандар – 14,2%, зейнетке шығу 0,76%, оқу (күндізгі бөлім) 0,67%, жұмыс істеудің қажеттігі жоқтық 0,23% себептерінің алатын үлесі аз.

2017 жыл – жұмыс таба алмағандардың үлес салмағы үлкен -25,2%, өз еркімен жұмыстан шығу - 12,26%, оқу (күндізгі бөлім) - 1,15%, зейнетке шығу – 0,91%, жұмыс істеудің қажеттігі жоқтық - 0,25% себептерінің алатын үлесі аз.

2018 жыл – жұмыс таба алмағандардың үлес салмағы үлкен -22,9%, өз еркімен жұмыстан шығу – 22,3%, отбасы жағдайымен – 10,4; зейнетке шығу – 8,02 %, оқу (күндізгі бөлім) – 1,69, жұмыс істеудің қажеттігі жоқтық – 0,21% себептерінің алатын үлесі аз.

Жұмыссыздық жөніндегі зерттеулер көрсеткендей, жұмыс табу мүмкіндігінің жоқтығы, өз еркімен жұмыстан шығу, ұйымның жойылуымен байланысты жұмыстан шығу соңғы жылдардағы жұмыс істемеудің басты себептері ретінде анықталды,

ал білім алу (күндізгі бөлім), зейнетке шығу, жұмыс істеудің қажетсіздігі сияқты себептердің үлес салмағы төмен.

Тұрғындардың өмір сүру деңгейін сипаттайтын көрсеткіштердің жақсаруы жалпы ішкі өнім көлемінің жыл сайынғы артуымен байланысты болып отыр. Республикада атаулы да, нақты да еңбекақы тұрақты түрде өсіп, жұмыссыздық деңгейі төмендеп келеді, зейнетақы және жәрдемақы көлемі артуы байқалады. Дегенмен әлеуметтік салада орныққан жағдайлар жағымсыз сипатта көрініс тауып отыр. Осы уақытқа дейін түрлі әлеуметтік топтың кіріс көлемдері бірдей емес, тұрғындардың басым бөлігінің табысы күнкөріс деңгейінен төмен, еңбек нарығындағы жағдай да тұрақсыз.

2018 жылғы 30 қарашадағы «2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңға сәйкес 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап мынадай көрсеткіштер бекітілген [5]:

- айлық есептік көрсеткіш (АЕК) - 2 525 теңге;
- ең төменгі еңбекақы көлемі - 42 500 теңге;
- ең төменгі мемлекеттік базалық зейнетақы көлемі - 16 037 теңге;
- ең төменгі зейнетақы көлемі - 36 108 теңге;
- базалық әлеуметтік төлемдер көлемін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс көлемінің шамасы - 29 698 теңге.

Күнкөріс көлемі шамасын арттыру арқылы 3 миллион адамның базалық зейнетақы көлемін, мүгедектер, асыраушысынан айырылған отбасылар үшін жәрдемақы көлемін, әдрестік көмек пен мүгедек баланы тәрбиелеушілер үшін жәрдемақы көлемін арттыруға қол жеткізілді. 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап әдрестік әлеуметтік көмек көрсету ең төменгі күнкөріс шамасымен салыстырғанда 40-тан 50%-ға дейін көбейді.

Қазақстанның мақсаты – 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру. Қазіргі уақытта осы өзгерістерге қажетті стратегия жасалды. Тұрғындардың өмір сүру деңгейін арттыру мәселесін зерттеу дәстүрлі тәсілдерден бас тарту, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік даму факторларының неғұрлым кең ауқымын қолдану сияқты нақты әдістерді талап етіп отыр. Зерттеу нәтижелерінің дәйектілігі мен шынайылығы ресми статистикалық деректерді, практикалық есептерді пайдаланып дәлелденген теориялық тұжырымдармен расталады.

Бұл үшін біз Қазақстан тұрғындарының өмір сүру деңгейін көтерудің жолдары анықтау мақсатында кешенді және жан-жақты зерттеу жүргіздік, атап айтқанда:

– тұрғындардың өмір сүру деңгейінің құрамдас бөліктерінің қазіргі жағдайына кешенді талдау жүргізу негізінде осы құрамдас бөліктердің өмір сүру деңгейіне тигізетін әсері дәйектеліп, Қазақстан халқы өмір сүру деңгейінің негізгі басымдықтары анықталды;

– экономикалық талдаулар нәтижесі бойынша жалпы Қазақстан Республикасы және өңірлердегі тұрғындардың өмір сүру деңгейін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірленді;

– Қазақстан халқының өмір сүру деңгейін көтеру жолдарын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірленді, оларды әлеуметтік саясатты даярлау және жүзеге асыру барысында тұрғындардың өмір сүру деңгейін дамыту бойынша болжамдар мен бағдарламалар құру кезінде пайдалануға болады.

Өмір сүру деңгейін тиімді түрде реттеу қажет, бұл өз кезегінде оны шынайы бағалауды талап етеді. Әлеуметтік қорғаудың үйреншікті формаларының әрекеті тоқтаған кезде өмір сүру жағдайлары сөзсіз нашарлайды, тұрғындар арасында табыс деңгейіне қарай жіктелу байқалады. Өмір сүру деңгейін зерттеу өмірді жақсарту мен оның мәнін түсінуге мүмкіндік береді.

Елімізде соңғы жылдары экономикалық өсу байқалып отырғанына қарамастан, тұрғындардың шынайы табысының төмендеу үрдісі анықталды, бұл халықтың тұтынушылық міне-құлығына әсер етпей қоймайды. Мысалы, сатып алу қабілетінің төмендеуі қазақстандықтарды белсенді тұтынушы моделінен үнемдеу тәртібіне ауысуына алып келді. Бүгінгі күні қаражаттың басым бөлігі азық-түлік тауарларын сатып алу мен қызметтерді төлеуге жұмсалады, бұл өмір сүру сапасының жеткіліксіз дәрежеде екенін дәлелдейді [6].

Тұрғындардың ақшалай табысы, оның көлемі мен құрылымы, табыстың қалай бөлінетіндігінің көсеткіштері – өмір сүру деңгейін сипаттайтын бірінші кезектегі белгілер. Қала мен ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейлерінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалады. Қала мен ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейлерінің ерекшеліктерін зерттеу ҚР өңірлерінің аумақтық дамуы үшін айрықша маңызға ие. Бұндай зерттеулер қалалық және ауылдық жер тұрғындарының өмір сүру деңгейі және тиімді басқару мен реттеу, әлеуметтік-экономикалық даму арасындағы байланыстарды барынша нақты және жан-жақты анықтауға және бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері бойынша қала тұрғындарының ақшалай табысы ауыл тұрғындарының ақшалай табысынан шамамен 52 мың теңгеге немесе 45%-ға артықекендігі анықталды. Есесіне қаладағы үй шаруашылығының орташа көлемі ауылдық жердегіден аз. Табыстың құрылымын талдай отырып, қала және ауыл тұрғындары ақшалай табысты, негізінен, еңбек қызметі арқылы табатындығын атап өтеміз, ол шамамен 73,5%-ды құрайды [1, 2, 3, 4].

Біз тұрғындардың өмір сүру деңгейін қалыптастыратын басты факторларға да талдау жүргіздік. Тұрғындардың басым бөлігін тиімді түрде еңбекпен қамту, шынайы еңбекақы көлемін арттыру, тұрғынүймен қамтуды көбейту шаралары ортамерзімді, тіпті ұзақмерзімді болашақта да бала туу санының артуының, өлімнің азаюының, халық саны молаюының басты факторлары саналады. Тұрғындардың басым көпшілігінің өмір сүру деңгейін арттыру және артық әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті қысқарту бала туу санының өсуіне күшті ықпал ететін фактор болып саналады.

2019 жылғы 1 қаңтардағы деректерге сәйкес Қазақстан халқының жалпы саны – 18 395 567 адам. Елде жыл сайын шамамен 400 мыңға жуық сәби дүниеге келеді, бұл 1999 жылғы деңгеймен салыстырғанда екі еседей көп және осы үрдіс сақталып отыр [7].

Біздің зерттеулеріміз көрсеткендей, қазақстандық қоғам құрылымында бала туу қабілеттері жоғары, бірақ материалдық тұрғыдан аз және ортадан төмен қамтылған үй шаруашылығында әйелдер көп, олай болса, тиімді түрде еңбекпен қамту, табыспен байланысты қажеттілікті төмендету және тұрғынүймен қамту көбейетін жақын болашақта бала тууды арттырудың жоғары әлеуеті сақталып қала береді.

Елдерді бағалайтын белгілі Numbeo қоры статистикалық көрсеткіштерге сүйене отырып, барлығы 240 балл ішінен Қазақстанға 88 балл берді, бұл ҚР-дағы өмір сүру

деңгейі ортадан төмен екендігін көрсетеді. Аталған сайттың деректері бойынша сатып алу қабілеті индексі (38.3), өмір сүру бағасы (29.64) мен қауіпсіздік бағасы (35.50) да өте төмен. Есесіне ластану деңгейі жоғары (74.37). Денсаулық сақтау индексі (51.7), климаттық индекс (39.78.), жылжымайтын мүлік бағасының табысқа қатынасы (11.55) және өмір сүру сапасы индексі (88.06) қанағаттанарлықтай сипатталған [8].

Жұмыс барысында талданған отандық және шетелдік әдебиет бойынша «өмір сүру деңгейі» деп аталатын әлеуметтік-экономикалық категория өмір сүру дәстүрі, өмір сүру бағасы, өмір сүруді қамтамасыз ету, әл-ауқат және өмір сүру сапасы сияқты ұғамдарды қамтиды. Әлемдік рейтингілерге сәйкес Қазақстан адами дамуы жоғары деңгейдегі ел саналады. Мысалы, 2018 жылғы БҰҰ Даму бағдарламасының адами даму индексі рейтингісі бойынша ҚР әлемнің 189 елі арасында 58-орынды; 2017 жылғы Бүкіләлемдік экономикалық форумның адами капиталдың дамуы индексінің рейтингісі бойынша 130 елдің ішінде 29-орынды алды. Қазақстан тұрғындар табысы жіктелімінің көрсеткіші – Джини коэффициенті бойынша табысы салыстырмалы тең бөлінген елдер тобына кіреді. БҰҰ баяндамасы бойынша ҚР адами даму индексінің бағасы 1-дің 0,8-ін құрады, бұл арқылы еліміз рейтингінің жоғары категориясына енуіне мүмкіндік алды [9]. Осы мәліметтер елде өмір сүру сапасымен байланысты мәселелер тұрақталғанынан хабардар етеді. Дегенмен жоғарыда айтылған деректер ҚР тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыру жөнінде стратегиялық тұрғыдан жеделдетілген шаралар қабылдау қажеттігін көрсетеді.

Жүргізілген зерттеулер мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

1. Қазіргі кезеңде Қазақстан қоғамының алдында тұрған көптеген мәселенің ішінде тұрғындардың өмір сүру деңгейін арттыру проблемасы маңызды орын алады. Халық табысының динамикасы мен құрылымын талдау – тұрғындардың өмір сүру деңгейін зерттеудің маңызды аспектілерінің бірі.

2. Қазақстан тұрғындарының өмір сүру деңгейін талдау үшін соңғы 3 жылғы (2016-2018 ж.ж.) еңбек нарығының басты индикаторлары мен жұмыссыздардың еңбекпен қамтылмау себептері, ақшалай табыс және оның бөлінісі, ең төменгі өмір сүру деңгейі және т.б. сияқты көрсеткіштер алынды.

3. Республикада атаулы да, нақты да еңбекақы тұрақты түрде өсіп отырғанына, жұмыссыздық деңгейі төмендеп, зейнетақы мен жәрдемақы көлемі көбейіп жатқанына қарамастан, бүгінгі күнге шейін табыс көлемінің жіктелім деңгейі әлі де жоғары, тұрғындар басым бөлігінің табысы күнкөріс деңгейінен төмен, еңбек нарығындағы жағдай тұрақсыз, елдің сатып алу қабілеті төмен.

4. Зерттеу нәтижелері бойынша қала тұрғындарының ақшалай табысы ауыл тұрғындарының табысынан артық, қаланың да, ауылдың да тұрғындарының табыс көзі, негізінен, еңбек қызметі екендігі анықталды.

5. Елдің өмір сүру деңгейін бағалайтын Numbeo деректері бойынша статистикалық көрсеткіштерге сәйкес ҚР-дағы өмір сүру деңгейі ортадан төмен, ал БҰҰ баяндамасына сәйкес ҚР-ның адами даму индексінің бағасы 1-дің 0,8-ін құрады, бұл арқылы еліміз рейтингінің жоғары категориясына енуіне мүмкіндік алды.

6. Қазақстан тұрғындарының өмір сүру деңгейін реттеу мен басқару жүйесін жетілдіру және тұрғындардың өмір сүру деңгейін арттыру жолдарын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірленді. Олар әлеуметтік саясатты әзірлеу мен жүзеге асыру ба-

рысында тұрғындардың өмір сүру деңгейін стратегиялық дамыту бойынша жағымды болжамдар жасауға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы жұмыстар қазіргі уақыттың өзінде-ақ жүргізіліп жатқандығын бұқаралық баспасөз құралдарынан және kz сайтынан белгілі.

ӘДЕБИЕТ

1 Мониторинг уровня жизни населения в Республике Казахстан. Электронные таблицы. 1 квартал 2018 года. Астана 2018. Комитет по статистике Министерства Национальной экономики Республики Казахстан.

2 Мониторинг уровня жизни населения в Республике Казахстан. Электронные таблицы. 2 квартал 2018 года. Астана 2018. Комитет по статистике Министерства Национальной экономики Республики Казахстан.

3 Мониторинг уровня жизни населения в Республике Казахстан. Электронные таблицы. 3 квартал 2018 года. Астана 2018. Комитет по статистике Министерства Национальной экономики Республики Казахстан.

4 Мониторинг уровня жизни населения в Республике Казахстан. Электронные таблицы. 4 квартал 2018 года. Астана 2018. Комитет по статистике Министерства Национальной экономики Республики Казахстан.

5 О республиканском бюджете на 2019-2021 годы. Статья 8. – Юрист ... <https://online.zakon.kz> >Document

6 Уровень и качество жизни в Казахстане: современное состояние и основные тенденции /Под ред. Шаукеновой З.К., – Астана: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2018. – 104 с.

7 В 2018 году родились порядка 400 тысяч детей – [Zakon.kz](https://www.zakon.kz) <https://www.zakon.kz> > 4970483-v-2018-godu-rodilis-poryadka-400

8 Алина Буравцева. Уровень жизни в РК оценили на троечку.

<https://krisha.kz/content/news/2019/uroven-zhizni-v-rk-ocenili-na-troechku>

9 Маншук Каримова. Уровень жизни населения РК: рейтинги, показатели и ...<https://strategy2050.kz> > news.